

Мағжан Жұмабаев ауданында 2009 жылға арналған субсидиялаушы ауыл шаруашылық дәнді-дақылдарының оңтайлы түрлері бойынша көктемгі егіс жұмыстарының тиімді мерзімдерін анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 21 мамырдағы N 174 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 26 мамырда N 13-9-94 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2011 жылғы 3 қазандағы N 02.06-05-05/843 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімі аппаратының 2011.10.03 N 02.06-05-05/843 хаты)

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабы 1-тармағы 5-тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 87 қаулысымен бекітілген 2009 жылғы көктемгі егіс және жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауарлы-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу Ережелерінің 12 тармағы, Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылық тәжірибе станциясы ғалымдарының ұсыныстары негізінде және биылғы жылғы көктемнің ерекшелігін ескере отырып аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Мағжан Жұмабаев ауданында 2009 жылғы ауыл шаруашылық дәнді-дақылдарының оңтайлы субсидиялаушы түрлері бойынша көктемгі егіс жұмыстарын жүргізудің тиімді мерзімдері анықталсын:

1) Орманды далалы аймақ: дақыл:

жаздық бидай: 15 мамыр–27 мамыр, 2009 жылға арналған алдыңғы дақыл бойынша 30 мамырға дейін; арпа–орта-кеш пісетін сорттар: 25 мамыр–30 мамыр; арпа–орта пісетін сорттар: 30 мамыр–5 маусым; сұлы– орта-кеш пісетін сорттар: 25 мамыр–30 мамыр; сұлы–орта пісетін сорттар: 27 мамыр–30 мамыр; асбұршақ: 25 мамыр–30 мамыр; қарақұмық: 20 мамыр–25 мамыр; рапс: 15 мамыр–18 мамыр

2) Жазықтық дала, масақтық аймақ: дақыл:

жаздық бидай: 15 мамыр–30 мамыр, 2009 жылға арналған алдыңғы дақыл

бойынша 5 маусымға дейін; арпа–орта-кеш пісетін сорттар: 25 мамыр–30 мамыр; арпа–орта пісетін сорттар: 30 мамыр–5 маусым; сұлы– орта-кеш пісетін сорттар: 25 мамыр–30 мамыр; сұлы–орта пісетін сорттар: 27 мамыр–30 мамыр; асбұршақ: 25 мамыр–30 мамыр; қарақұмық: 20 мамыр–25 мамыр; рапс: 15 мамыр–20 мамыр

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
А. У. С е р а л и н о в к е жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Сапаров